



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 мамыр /СЕЙСЕНБІ/ 2019 жыл



№73
(19751)



АЙМАҚ/2

Облыс әкімі Таллин
мәрімен кездесті



КӨМБЕ/3

Сығанақ –
көне тарихтың көзі



ӘДБИЕТ/4

Ақынның жинақтары
жарық көрді

«БАЛАМЕКЕН» ЖОБАСЫ

Әлеуметтік баспана – өзгеге үлгі бастама



Сыр өңірінде бір мезгілде жүздеген отбасы қоныс тойын тойлайтын күн алыс емес. Аймақ басшысының бастамасымен көпбалалы отбасылардың баспанаға мұқтаждық мәселесін шешу үшін «Баламекен» жобасы аясында Болат Өтемұратовтың жеке қорымен бірге 150 отбасыға баспана салып беру қолға алынған болатын. Оның 50-і жергілікті бюджеттен, 100-і аталған қор қаражаты есебінен. Үкімет көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамту бағытындағы аймақ басшылығының бұл бастамасын өзге өңірлерге тәжірибе ретінде пайдалануды ұсынды.

Көктем шығысымен құрылыс басталған үйлердің жайын көзбен көрмек үшін құрылыс алаңына бардық.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

«Бәйтерек» шағын ауданында құрылыс қарқыны қызу. Қазқатар тізілген бірдей үйлер алыстан мен мұндайды. Айналасында қыбыр-жыбыр тіршілік. Құрылысшылардың мойын бұруға шамасы жок. Себебі, белгіленген мерзімде құрылыс аяқталып, үй пайдалануға берілуі тиіс. Мұндағы үйлердің біразы бой көтеріп, ішкі жұмыстарына кіріссе, енді біршама үйлердің шатыры шегеленуде. Кіріпші қаланып жатқан үйлер де бар. Төбесі шатырланып, сырты

бойланғ үйдің ішін аралап көрдік. Шағын ғана төрт бөлмелі үйдің ішкі жұмыстары жүріп жатыр. Атап айтқанда, су, жылу, жарық желілері жүргізіліп, ішкі әрлеу жұмыстарына бояушы-сырлаушылар білек түре кіріскен. Өне-міне дегенше бұл үйлер дайын болып та қалады.

Құрылысы қызған бірінші көшеге бұрылып, жөн сұрастық. Үй құрылысын «Авангард» ЖШС жүргізіп жатыр екен. Сауірдің 9-нда өру жұмысын бастап кетті. Бүгінде үйдің шатыры қағылуда. «Өрбір құрылыс компаниясына үш үйден бөліп берді. Біз де өзімізге жүктелген міндетті орындап, үш үйдің құрылысын жүргізудеміз. Құрылыс алаңында 20 адам еңбек етуде. Осы айдың аяғында толық аяқталады деп жоспарланған, – дейді бригадир Серік Жаппасбаев.

Келесі көшедегі үй құрылысын жүргізіп жатқандар – «Астана сервис» ЖШС. Мұнда 70 адам жұмыс істеуде. «Біз де өзімізге бекітілген үш үйді салудамыз. Қазір үйлерді шатырлау жұмыстары жүргізілуде. Төрт бөлмелі шағын да әдемі үй болады. Сапасында мін жоқ. Арнайы комиссия құрылыс сапасын қайта-қайта тексеріп тұр. Өрбір компания өзі салған үйдің сапасына үш жыл бойы жауап береді. Құрылыс жұмысы тиянақты жүруде. Барлығы да құрылыс саласының шеберлері, – дейді шебер Болатбек Жұмабеков.

Сыр өңіріне белгілі «Абу-Сер» ЖШС мекемесі де қарқынды құрылысқа өз үлесін қосуда. Бұл мекеме 4 үйдің құрылысын жүргізуде. Құрылыс бригадасының шебері Медеу Елемесов құрылыс

басында 25 адам еңбек етіп жатқанын айтты.

Бір қуантарлығы, құрылысшылардың барлығы да жұмысқа бар ынтасымен кіріскен. Қасиетті айда мұқтаж отбасылар үшін қайырымдылықпен салынып жатқан үй құрылысына өз еңбегімен үлес қосқанына қуанышты екенін де жасырмады олар. Мұқтаж отбасына арналған барлық үй толық аяқталып, айналасы қоршалып, сакадай сай етіп пайдалануға берілмек. Өр үйдің алдында бау-бақшалық үшін 6 сотық жері тағы бар.

Қарқынды құрылысты көріп қуанған біз де жақсы жаңалықты елге жеткізуге асықтық.

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

АКЦИЯ

Жыл сайын су жағалауларының аумағын жинау мен балық шаруашылығы аймақтарында тазалау мақсатында «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясы өткізіледі. Науқан биыл да жалғасын тапты. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бірлесіп ұйымдастырған параға И.Әбдіқаримов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің студенттері белсене қатысты.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жағалауға жан кірді

Өзірет Бегалы колледждің сүт өнімдерінің өндірісі мамандығында оқиды. Бос уақытын тиімді пайдалана білетін жас қоғамдық шаралардан қалыс қалмақ емес. Бүгін, міне, табиғат жанашыры ретінде осы маңызды науқанға да келген.

– Қоршаған ортаны қорғау – адамзат баласының мойнына жүктелген міндет. Дегенмен, оның салмағын толық сезіне алмай жүргендер бар. Оны бүгінгі акциядан байқауға болады. Жағалауды қалдық басып қалған. Мұның барлығын құзырлы органдар бақылауда ұстағанымен, жүгендеуге шамасы жетпеуі мүмкін. Көпшіліктің табиғатқа деген көзқарасы түбегейлі өзгермейінше, тазалықты ретке келтіру қиын деген ойдамын, – дейді Өзірет.

Тазалық аяқталғаннан кейін жағалауға жан кіргендей болды. Себебі, оның жиектерінен пластикалық ботелке, синтетикалық полиамидті моножиптерден жасалған балық аулау құралдары жиналып, күл-коқыс арнайы базаға жөнелтілді. Инспекция мамандарының айтуынша, бұл шара уылдырық шашу маусымының сәтті өтуіне де септігін тигізбек.

ИГІЛІК

Жол сапасы жақсара түседі

Жол сапасы – мемлекеттің дамуын аңғартатын басты көрсеткіш. Әлеуеті дамыған елдердің «байығын келсе, жол сал» деген ұстанымы да бекер емес. Қазалы өңірінде сауда-саттықтың бағзыдан қарқынды дамуына тарихтың сарғайған парактарынан мәлім. Шөл даланың ыстық-суығына төзімді түйелер керуенін қазір темір жол торабы мен автокөліктер жолы алмастырған. Кенттің нақ іргесінен өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы кәсіпкерлік саласының алға басуына да септігін тигізуде. Қазалылық кәсіпкерлер бес бірдей теміржол түйігін пайдаланумен қатар, жүзге тарта жүк көлігімен зат әкеліп, өздері өндірген өнімдерін сыртқа тасымалдайды екен.

Қазалы ауданы бойынша 402 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолдары (180 шақырымы – асфальтты, 141 шақырымы – қиыршық тасты, қалғаны топырақты жолдар санатында) бар. Қазір «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» елді мекендері арасындағы жолдың 45-76 шақырымы күрделі жөндеуден өткізілуде. Сондай-ақ «Басықара-Абай-Өркендеу», «Қожабақы-Бекарыстан би» елді мекендерінің жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Қазалы-Қолаарық-Бекарыстан би-Жанақұрылыс» елді мекендерінің, «Самара-Шымкент-Байқожа» жолының белгіленген шақырымын орташа жөндеуден өткізуге республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, мердігер мекеме анықталуда. Қазіргі таңда Әйтеке би кентіне кіреберіс, яғни, Т.Рысқұлов көшесінен Біржан сал көшесі арқылы Жанқожа батыр көшесіне дейінгі аралық жолын орташа жөндеу жұмыстары басталып та кетті. Аталған жұмыстар мердігері «Нұрас и Компания» ЖШС. Тағы бір жағымды жаңалықты жеткізсек. Есімі көпке танымал азамат, ҚР «Құрметті құрылысшысы» Серік Өтеген басшылық жасайтын «Қазалы жолшы» ЖШС «Әйтеке би - Қазалы қаласы-



Шағала» бағытындағы 4 шақырым жолды орташа жөндеуден өткізуді қолға алған болатын. Қашанда жауапкершілік жүгін терең сезінетін серіктестік ұжымы ағымдағы жылға қаралған қаражатты толық игерді.

– Жол сапасын жақсарту күн тәртібінде тұр. Осы бағытта Әйтеке би кентіндегі айналма жолда орташа жөндеуден өткізуге мердігер мекемемен келісім-шарт жасалды. Пірімов, Түктібаев, Аксуат елді мекендерінің ішкі жолдарын жөндеуге қаржы бөлініп, мердігер мекемелер анықталуда. Айта кетерлік жайт, Әйтеке би кенті көшелерінің басым бөлігі жөндеуді қажет етеді. Аудан әкімінің тікелей тапсырмасымен өткен жылы 55 көшені орташа жөндеуге байланысты жоба-сметалық құжаттар әзірленді. Осы жұмыстарды бастауға 2018 жылы облыстық, аудандық бюджеттен қосымша қаржы бөлініп, Қ.Ермбет көшесі толық асфальттанды. Биылғы жылы Жетес би,


Мағзаман әулие, Сүлейменов, Жалантөс батыр көшелері толық жөнделетін болады. Кент көшелерінің жағдайын жақсарту мақсатында жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізуге жергілікті бюджеттен қосымша 57 млн теңге қаржы бөлу жоспарланып, қосымша 23 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілмекші. Аудандық маңыздағы «Әйтеке би-Басықара», «Бекарыстан би-Майдакөл», «Қожабақы-Аранды», «Бозкөл-Тасарық» бағыттарындағы жолдар мен Мұратбаев, Жанқожа батыр, Жалантөс батыр, Абай елді мекендеріне кіреберіс жолдары, Сырдария өзенінің Абай елді мекені тұсындағы көпірге баратын жолы жөндеуден өткізілетін болады – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Өліби Әбиев.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

СЫНАҚ

Биыл ҰБТ форматы мен тиісті пән комбинациялары өзгеріссіз қалды. Жаңалық – биылдан бастап мамандық емес білім беру тобы таңдалатын болды. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің Фейсбуктегі паракшасында хабарланған.

ҰБТ: Грант білім беру бағдарламаларына бөлінеді



Көңірек тоқталсақ, биылдан бастап ҰБТ-ны төрт рет тапсыруға болады. Жоғары оқу орнына ақылы түрде түскісі келетіндер қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айында тест тапсыра алады. ҰБТ тапсырған сайын пәнді өзгертіп тұруға да болады.

Тек 20 маусым мен 5 шілде аралығында ҰБТ тапсырып, шекті балл алған талапкерлер ғана білім гранттары байқауына қатыса алады. Бейінді пәндер комбинациясы өзгерген жоқ.

Бұрын гранттар мамандық бойынша бөліне-тін. Биыл білім беру бағдарламалары бойынша бөлінеді. Барлығы 97 топ бар, тізімі Ұлттық тест орталығының сайтында берілген.

ҰБТ тапсырып шекті балл алған соң талапкерлер білім грантын тағайындау байқауына қатысады. Өтінімдер 13-20 шілде аралығында қабылданады. Құжат тапсыру барысында ЖОО мен 4 білім беру тобы көрсетіледі.

Грант білім беру бағдарламасына бөлінеді. Ал білім беру бағдарламасы жоғары оқу орнына барған кезде таңдалады. Мысалы, талапкер «Химия пәні мұғалімдерін дайындау» білім беру бағдарламасы тобының грантын ұтып алды делік. Жоғары оқу орнына қабылдану барысында оқу орнының білім беру бағдарламаларында «Химия» немесе «Химия-Биология» пәндерінің бірін таңдауға мүмкіндік бар.

Оқуға қабылдау 10-20 тамыз аралығында өтеді. Оқуға түскені жайлы бұйрық нақты білім беру бағдарламасына орай шығады, кейін диплом да сол бойынша беріледі.

Білім беру бағдарламалары топтары бойынша грант саны нақтыланған соң, тізім БҒМ мен ҰҰО сайтында жарияланады. ЖОО жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары реестрі де сол жерде ілінеді.

Шекті балл деңгейі өзгеріссіз, ұлттық ЖОО-ларға кем дегенде 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына кем дегенде 50 балл жинау керек. Әйткенмен «Педагогика ғылымдары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» мамандықтарына кем дегенде 60 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» мамандықтарына кем дегенде 65 балл талап етіледі.

Биыл ҰБТ мен кешенді тест біріктірілді. Дегенмен, әр санаттағы талапкерлер әр топқа бөлінеді және сынақты бір күнде тапсырмайды. Тағы бір жаңалық – техникалық және кәсіптік оқу орындарының түлектері Ұлттық біріншілік тест тапсырмай-ақ, өз пәні бойынша қысқартылған бағдарламаға сәйкес ақылы бөлімге түсе алады. Ол үшін сол ЖОО сынағын ғана тапсырады.

Өткен оқу жылында жоғары оқу орнына түсу сынағы мектеп бітіру емтихандарынан ажыратылғаны белгілі. Енді ҰБТ-ның мектеп бітіру сынағына қатысу жоқ. Тест нәтижесі мектеп рейтингіне әсер етпейді.

ҰБТ – талапкерлердің жеке жұмысы. Мектеп бітірушілер тест тапсыру үшін онлайн немесе жазбаша тіркеліп, ЖОО-ға сынаққа барады. Мектеп ҰБТ тапсыратын күні оқушыларды оқу орнына тасымалдай, мұғалімдер тест тапсыратын бала санын өткізбейді.

«СБ» ақпарат.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2019 жылғы 22 мамырда сағат 10.00-17.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың қатысуымен «Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау туралы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

БАСПАСӨЗ – 2019



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың екінші жартыжылдығына
“Сыр медиа” ЖШС қарасты газеттерге
жазылу жүргізілуде.

“Сыр бойы” газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.



Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және баспасөз бөлімінде (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

■ САЙЛАУ – 2019

Үгіт-насихат жұмысына 1500 адам жұмылдырылды

Еліміз бойынша Қазақстан Президенттігіне кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасына ұсыныстар мен тың идеялар жинау үшін «BIRGE» жалпыұлттық акциясы жүргізіліп жатыр. Акция аясында еліміздің әр азаматы жергілікті жердегі қоғамдық штабтарға келіп, өз пікірлерін білдіріп, дамудың жаңа кезеңінде Қазақстанның алдында тұрған басым бағыттарды айқындауға тікелей қатыса алады. Бұл туралы облыстық қоғамдық штаб төрағасының орынбасары Ержан Байтілес баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Шынар БЕКБАН.

ҚР Президенттігіне үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың облыстағы үгіт-насихат шараларына 1500 адам жұмылдырылды. Бүгінгі күнге дейін үгіт-насихат жұмыстарына келген ақпараттық материалдардың 81,1 проценті пайдаланылды. Үгіт-баспа материалдары кандидаттың сайлау қоры қаражатының есебінен әзірленген. Кандидатты насихаттайтын жалпы саны 30 билборд арнайы белгіленген орындарға ілінді. Олардың 15-і аудандарда. Үгіт-насихат жұмыстар аясында «Есіктен – есікке» акциясы өткізілуде. Шара аясында облыс бойынша кандидаттың сенімді өкілдері 28060 үйді аралап, әрбір отбасына арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

– «BIRGE» акциясы аясында тұрғындардан 11368 дана бланк жинақталды. Сайлаушылардың ұсыныс-тілектері республикалық қоғамдық штаб сайтының www.toqayev2019.kz арнайы бөлімінде, ал, әлеуметтік желілерде #BIRGE хэштегі бойынша жүргізіліп жатыр. Акция 13 мамырдан 7 маусымға дейін жалғасатын болады, – деді облыстық қоғамдық штаб төрағасының орынбасары Ержан Байтілес.

Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаевтың облыстағы қоғамдық штабтары жанынан кандидаттың қоғамдық қабылдау бөлмелері ашылды. Мұнда да сенімді өкілдер жергілікті тұрғындарды қабылдап, ұсыныстар жинақтап жатыр. Алғашқы төрт күнде облыс бойынша барлығы 185 азаматтан ұсыныс-тілектер қабылданған.

Сайлау үрдісіне қоғамдық бақылау

«Демократияны тарату орталығының» төрағасы, ҚР Азаматтық альянс ұйымының вице-президенті Дос Көшім өңірімізге келіп, «Достық үйінде» «Сайлау үрдісіне қоғамдық бақылау» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

– 9 маусымда елімізде кезектен тыс Президенттік сайлау болады. Сайлаудың әділ де ашық өтуінің басты шарттарының бірі – сайлау процесіне азаматтық қоғам тарапынан бақылау жасалуы. Сондықтан бақылау жұмыстарын сауатты жүргізу үкіметтік емес ұйымдарға, саяси партиялар мен үміткерлердің бақылаушыларына ауадай қажет, – деді ол.

Семинар барысында бақылаушы болуға ынталы азаматтарға заң шеңберінде бақылау жасау, бақылаушының құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Семинар-тренингте айтылғандай, сайлау учаскесінде жайлы атмосфера қалыптастыруға бақылаушы да үлес қосу керек. Тіпті, тырнақ астынан кір іздеудің қажеті жоқ. Кез келген жағдайда заң шеңберінде жұмыс істеп, мәдениеттілік сақталуға тиіс.

Семинарға қатысушылар сайлау кезінде бақылаушының қызметі, оның міндеті мен құқы жайында толық ақпарат алды, пікір алмасты.

Облыс әкімі Таллин мэрімен кездесті



■ БРИФИНГ

Қор қолдауы қомақты

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында ауылдық жобаларды қаржыландыруды бастады. Быыл қор 2,4 млрд теңге несие беруді жоспарлап отыр. Оның ішінде «Нәтижелі жұмыспен қамту» бағдарламасына 1 405 млн теңге қарастырылса, нәтижелі жұмыспен қамту қаражатын қайта инвестициялауға – 583,9 млн теңге, қордың жеке қаражатынан 490 млн теңге бөлу жоспарланған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ директоры Мұхтар Әлімханұлы айтты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Сондай-ақ брифингке ауыл шаруашылығы басқармасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерхан Ағыбаев, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Гауһар Қалмақова бағдарлама бойынша қолдау барысын түсіндірді.

Қор 2013 жылдан бері ауыл кәсіпкерлерін қаржыландыруды көздейтін бірқатар мемлекеттік бағдарламалардың қаржылық операторы болып келеді. Ал, 2017 жылдан бері «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағытын жүзеге асыруда.

– Быылғы жылға қаржыландырудың негізгі бағыттары анықталды. Атап айтқанда, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында «Игілік», «Ынтымақ», «Кәсіпкер», «Бірлік» және «Егінжай» несие өнімдері және етті мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламасы шеңберінде «Сыбаға», сүт фермаларын дамытуға бағытталған «Ырыс» бағдарламасы бойынша қаржыландыру жалғасады, – деді қор директоры Мұхтар Әлімханұлы.

Тағы бір атап айтарлығы, жеңілдетілген несие алу үшін ауыл тұрғындары аудандық жұмыспен қамту орталықтарына барып, кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуы тиіс. Сертификат иеленген соң жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өтіп, халықты жұмыспен қамту орталығынан несие үшін жолдама алады. Мұнан соң құжат жинап, қор филиалы мамандарына жүгінеді. Уақытты тиімді пайдалану үшін онлайн өтінім беру жұмысы жүзеге асуда.

Еңбек және отбасы

Қызылорда аумақтық кәсіподақтар бірлестігінде 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Еңбек саласындағы әйелдер: еңбек және отбасы» дөңгелек үстелі өтті. Оған әлеуметтік әріптестер, қоғамдық ұйым өкілдері, түрлі сала мамандары, облыстық кәсіподақтардың жұмыскер әйелдер комиссиясы және жастар қатысты. Дөңгелек үстелді кәсіподақтар орталығының төрағасы С.Сермағамбетов жүргізді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтаған Серік Сағитжанұлы ұйымдастырылып отырған шараның қоғамда рухани қарым-қатынастың аясын кеңейтіп, отбасы жауапкершілігін нығайтуға, сол сияқты кәсіподақтар жұмысы жайлы ашық ақпараттар алмасуға бағытталғанын атап өтті.

Дөңгелек үстел басында отбасы мен еңбек саласындағы әйелдер мәселелері кеңінен талқыланды. Аймақтағы ірі мұнай компаниясы «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы кәсіподақ ұйымының төрайымы Бақытжан Мұқашева «Ұжымдық шартта» әлеуметтік мәселелер қарастырылуына терең мән беру қажеттігін айтса, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Зинара Тажиева отбасылық құндылықтар турасында орнықты ой-пікірін білдірді. Сонымен қатар, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалы директоры Гүлсім Денеева аталған қордан әйелдерге төленетін әлеуметтік төлемдер туралы айтып берді. Сондай-ақ, облыстық Кәсіпкерлер Палатасының бөлім басшысы Жанна Скакова әйелдер кәсіпкерлігін, отбасылық, әлеуметтік

кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы хабарлама жасаса, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының облыстық «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ және жастар театрының әртісі Айгүл Қиятова өз мамандығының қыр-сырымен бөлісіп, театр ұжымының Жастар жылындағы жаңалығы туралы хабарлар етті.

«Еңбек саласындағы әйелдер: еңбек және отбасы» дөңгелек үстелінің қорытынды құжаты ретінде қатысушылардың ұсыныс-пікірлері назарға алынып, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының әлеуметтік әріптестерге еңбек саласындағы әйелдер мәселелері бойынша ұсынған ұсынымдарына қолдау құжаты қабылданды. Аталған құжатта көпбалалы отбасылар мен жалғызбалы ата-аналарға және мүмкіндігі шектеулі балалары бар адамдар үшін әлеуметтік қолдау шараларын арттыру, сол сияқты нақты талдауларға сүйене отырып, әйелдердің еңбек нарығына араласуына ықпал ету, көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен, балабақшамен қамту және балаларын жоғары оқу орындарында тегін оқыту мүмкіндіктерін қарастыру жайы, басқа да көптеген ұсыныстар қамтылған.

■ СҰХБАТ



– **Мира Рахымжанқызы, Сыр елінде тарихи-мәдени мұраға жататын қанша ескерткіш тіркелген, оларды қорғау шаралары қалай жүргізілуде?**

– Тарихи-мәдени мұраларды қорғау, сақтау бағытындағы шаралар «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР Заңына және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Бүгінде облыс көлемінде 517 тарихи-мәдени мұра объектісі мемлекет қорғауына алынған, олардың 30-ы республикалық, 256-сы жергілікті маңызы бар объекті болса, 231 нысан тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын ала тізіміне енгізілген.

2013 жылдан бастап осы салаға аса мән беріліп, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тапсырмасымен өңіріміздегі ескерткіштердің қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес салынуы, оларды қорғау, күтіп-ұстау мәселесі көтерілді. Өңірімізде алғаш рет Мәдениет және спорт министрлігі жанынан құрылған жұмысшы тобы

Ескерткіштер – ел тарихы

Ұлы далاداғы тарихи-мәдени ескерткіштер — ұлтымыздың байлығы. Халқымыздың өткенінен сыр шертетін қастерлі мұра. Ал қазақтың төрт астанасы орын тепкен Сырдың бойында да өткеннің сайраған ізіндей, көненің көзіндей тарихи және мәдени орындар жетерлік. Осы орайда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуовамен кездесіп, аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жай-күйі туралы әңгімелескен едік.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

облыс аумағындағы ескерткіштер қатарындағы мемлекеттік тізімге енгізілмеген, белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін нысандарға сараптамалық жұмыстар жүргізілді. Осының нәтижесінде облыс көлемінде есепке алынбаған 52 нысанның 5-і мемлекет қорғауына алынса, 25 нысанның орны ауыстырылып, 11-і белгі ретінде қалдырылып, 10 нысан жөндеуден өтті. Ал, талапқа сәйкес келмейтін біреуі жойылды. Сонымен қатар, ескерткіштер толық аудан, қала, ауыл, кент әкімдіктерінің теңгеріміне берілді. Аймақта 45 ескерткіштің қорғау аймағы белгіленді. Қорғау аймағы белгіленген 2 ескерткіштің – Қорқыт ата кешені, Сығанақ қалашығы толығымен қоршалды. Бұл жұмыстар кезең-кезеңмен жалғасуда.

Сонымен қатар, мемлекет қорғауына алынған 517 ескерткішке қорғау тәктысын орнату, төлқұжаттар, есеп карточкалары, қорғау міндеттемелерін рәсімдеу, теңгерімге алу жұмыстары толығымен аяқталса, жаңадан салынған ескерткіштерді есепке алу жұмыстары өз ретімен жүргізілуде. Сондай-ақ, облыс көлеміндегі ескерткіштерді есепке алу, жаңадан салу, оларды мәртебесінен айыру мәселелері облыста жаңа ескерткіштерді орнату-ды реттеу және тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану, сондай-ақ,

оларды мәртебесінен айыру туралы қорытынды әзірлейтін облыстық комиссияның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

– **Ескерткіштерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тоқталып кетсеңіз...**

– Бүгінгі күні осы салада салмағы басым Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңес жұмыс жасайды. Кеңес 2013 жылы облыс әкімі Қ.Көшербаевтың төрағалығымен құрылып, бүгінгі күні облыс көлеміндегі тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру, зерттеу, қорғау, насихаттау бағытында маңызды шешімдер қабылдап келеді.

Қайта жаңғырту жұмыстары бойынша есепті мерзім ішінде облыс көлемінде 20 ескерткіш қайта жаңғыртудан өтті. Оның ішінде Қорқыт ата ескерткіш кешені, облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті, облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қалқайышан кесенесі, Қалжан ахун мешіт-медресесі, Мырзабай ахун жерлеу кешені, Бауырластар бейіті, Ә.Молдағұлова, Ә.Егізбаев, С.Қожанов, Т.Жүргенов, З.Шүкіров, Ы.Алтынсарин мүсіндері облыстық бюджет есебінен жүргізілсе, А.Токмағамбетов атындағы мәдениет орталығы, Саяси-құғын сүргін құрбандарына арналған ескерткіш

қалалық бюджет есебінен, Марал ишан кесенесі Қармақшы аудандық бюджеті есебінен жүргізілді. Сонымен қатар, 2017-2018 жылдары «Туған жерге тағзым» акциясы аясында демеушілік есебінен 4 ескерткіш қайта қалпына келтірілді.

Осы жерде айта кететінім, бізде әлі де, облыс бойынша жедел қайта жаңғыртуды қажет ететін архитектурасы ерекше 11 кесене мен мұнара болса, осындай 62 ескерткіш қайта жаңғырту және консервациялауды қажет етеді. Бұл ескерткіштердің жай-күйіне тарихи-мәдени сараптама жасалған. Осы ретте, кезең-кезеңімен қаржы бөлу мәселесі туындап тұр. Сондықтан қала, аудан, ауыл әкімдіктеріне осы жұмыстарға мән беріп, қаржы көздерін қарастырып, басқармамен бірлесіп жұмыс жасауды ұсынып отырмыз.

– **Облыс тұрғындары аймақтағы бірқатар көне қалаларға археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар жалғасын таба ма?**

– Әрине, жалғасатын болады. 2013 жылдан бастап ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімімен облыстық бюджеттен алғаш рет археологиялық зерттеулерге қаржы қарастырылып, 2014-2018 жылдары бұл жұмыстар ежелгі және ортағасырлық Шірік Рабат, Сығанақ, Жанкент, Жент, Сортөбе, Бөбіш мола, Қышқала қалашықтарына және Аралдың кепкен табанындағы Кердері кесенесіне жүргізілді.

Быылғы жылғы қазба жұмыстары ортағасырлық Сығанақ, Жанкент, Сортөбе, Қышқала және Бөбіш мола қалашықтарында жалғастырылады. Қазіргі уақытта қазба жұмыстарымен ғана шектелмей, аршылған нысандарды сақтау, қалпына келтіру шаралары қоса жүргізіліп, облыстық музей қорына 2327 жәдігер жинақталды.

Осы жұмыстардың нәтижесімен келешекте қалашықтарда археологиялық парк қалыптастыруды қолға алудымыз қажет. Өткен жылы ортағасырлық Сығанақ қалашығында қазба жұмыстарымен қатар, толық абаданталдыру шаралары жүргізіліп, “SYGANAQ” стелласы орнатылды. Республикалық бюджет есебінен қайта жаңғырту шаралары атқарылды. Жанкент қалашығында консервациялық жұмыстар жасалды және оған дейінгі жол қайта салынды. Сондай-ақ, Кеңестің шешімімен ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізу мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан «Жібек Жолы: Ферғана-Сырдария дәлізі» сериялық трансшекаралық номинациясы бойынша енгізілетін нысандар қайта қаралып, бұл тізімге Сығанақ, Жанкент, Асанас қалашықтары, Жетіасар мәдениеті ескерткіштері және Оқшы ата пантеоны ұсынылды.

– **Бұл ескерткіштерді өңір тұрғындары мен қонақтарға таныстыру жағай қалай болмақ?**

– Ғылыми-әдістемелік кеңестің тарихи ескерткіштер қамтылған өңірдің туристік маршрутын қалыптастыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасымен бірлесіп жұмыс жасалып, Қызылорда облысы бойынша туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік реестрі бекітілді. Ендігі кезектегі міндетіміз – осы нысандарды мектеп оқушылары мен студенттер арасында насихаттау, туристік нысанға айналыдыру бағытындағы шараларды кешенді түрде ұйымдастыру. Осы мақсатта облыстық тарихи-өлкетану музейіне автобус алынып, өңірдің қасиетті орындары – Қорқыт ата ескерткіш кешеніне, Сығанақ, Жанкент, Сортөбе, Қышқала, Қорасан

ата, Оқшы ата кесенелеріне эскурсия, пресс-турлар ұйымдастырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында насихатталады.

2018 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қасиетті орындарды сандық форматқа көшіру және олар туралы әлеуметтік желі қолданушыларға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 150 ескерткіштің 3D форматтағы интерактивті картасы қолданысқа енгізіліп, QR-код тақтайшалары орнатылды.

«Облыста тарихи-мәдени мұраларды пайдалану мен қорғаудың жай-күйі және оны жақсарту шаралары туралы» мәселесі 19 сәуірде өткен облыстық мәслихаттың кезекті 29 сессиясында қаралып, осы саладағы өзекті мәселелерді шешу және алдағы жылдардағы жұмыстарымызды айқындау мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен келісілген «Облыстың тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану жөніндегі 2019-2021 жылдарға арналған ұшжылдық өңірлік Жол картасын» әзірледік. Оған Сығанақ, Жанкент, Сортөбе, Бөбіш мола, Қышқала, Сенгіртм, Қосасар қалашықтарына археологиялық қазба, Ақмешіт музейі мен Бекетай кесенесін қайта жаңғырту, ескерткіштердің қорғау аймағын белгілеу, Сығанақ, Жанкент қалашықтары мен Сауысқандық петроглифтерінің, Жетіасар мәдениетінің инфрақұрылымын дамыту енгізілді. Сонымен қатар, қосымша 150 ескерткіштің 3D форматын әзірлеу, республикалық бюджет есебінен Сығанақ, Жанкент, Жетіасар қалашықтарын консервациялау және Ғанибай үйі, Қарасойы, Асан ата, Мүлқала, Құттыбай ескерткіштерін реставрациялау шаралары қамтылды.

– *Сұхбатыңызға рахмет!*

■ ЕЛ ІШІ

Жанәбіл атаның жәдігерлері

Аралдағы Ақбай ауылында тұратын Жанәбіл ұстаны көпшілік жақсы таниды. Ағаштан түйін түйетін ақбайлық шебердің қолынан шыққан дүниелерін ауылдастары қызыға тамашалайды. Мұндай өнермен зейнет жасына жеткен соң айналыса бастаған Жанәбіл Әбдешов бүгінде немерелері қалаған дүниелерді ойындағыдай етіп жасап береді. Қазіргі таңда ағаш ұстасының ескі моншасы мұражайға айналған. Еңкіш тартқан ескі сарайға бас сұқсаңыз, қолдан шыққан көп дүниеге кезігесіз. Елдегі сәулеті келіскен архитектуралық нысандардың ағаш түріндегі шағын пішіні соның ішінде. Қазақ батырларының түрлі қару-жарақтары да сол күйінше қолдан қашап жасалынған.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Иә, айтпақшы, еткен еңбектің өтеуін кара жерден тілейтін ақбайлық қауымның жер бусана салысымен алпақпа асығатынын бүкіл ел біледі. Біздің кейіпкер әуел баста диқаншылықпен айналысып, ауылдағы «Ақбай» шаруа қожалығы төрағасының орынбасары болыпты. Өзі зейнет жасына жеткен соң жас күнінен икемі бар, ұсталықты жалғастырып келеді.

— Өзім тұратын шаңырақты тұрғыздым. Сол кезде-ақ оның ішкі-сыртқы келбетін келістіріп, көзге ерекше түсетіндей етіп жасауды ойлап жүретінмін. Солай еттім де. Үйдің қабырғалары мен бұрыштарын әсем етіп безендіру ісі менің қолымнан оңай келді. Кейіннен барып, үйдегі пышпақ, ара секілді қарапайым заттармен ағаш қашауды әдетке айналдырдым. Бұл менің



хоббиім деуге болады. Өйтпесе, осылардан табыс табайын немесе атақ шығарайын деген ой менде мүлдем болған емес. Туындыларыма қызығушылар болды. Бірақ мен оларды саудалаған емеспін, — дейді Жанәбіл аға.

Түркі жұртының негізін қалаушылардың бірі Ертісұрыл жайындағы тарихи кинотуындыны білетін боларсыз. Көпшіліктің жүрегінен орын алған сол кинода Ертісұрылдың сенімді серіктері саналған алып Тұрғыт пен Бамсы сардардың жауынгерлік қарулары айбалта мен қос қылыш еді. Ауыл балалары сол қаруларды ағаштан жасап беруді өтініпті. Балалардың көңілін жықпаған ағаш шебері жарактарды айнаптып жасап шыққан. Мұражайға айналған ескі моншада көзге бірден түсер осындай туындылар жетерлік.

Арал ауданы.

Иісшіл иттердің көмегі көп

Ежелден қазақ халқы итті жеті қазынаның бірі санаған. Жануарлардың арасында иттің есіне адалдығын айғақтайтын аңыз-әңгімелер де өте көп. Жақсы итті малға серікке балағанымызбен оның біз біле бермейтін қырлары да көп. Иттердің тілін түсініп, оларды бұйрықты орындауға үйрететін кинологтар жұмысымен танысу мақсатымен Қызылорда облыстық полиция департаментіне қарасты кинологиялық қызмет орталығына барған едік...

Шынар БЕКБАН.



Иттер мен олардың инстинктері төтенше жағдайларда немесе адам өмірін құтқаруда пайдаланылып келеді. Оны мүмкіндігінше тиімді жасау үшін арнайы кинологиялық қызмет те жұмыс істейді. «Ит — адамның досы» екендігіне көміл сенетін кинолог-мамандардың айтуынша, ит бір секунд иіскеген иісті

бес жылға дейін ұмытпайды. Тіпті, олар иістің 11 миллион түрін ажырата алатын көрінеді. Мамандардың айтуынша, адаммен салыстырғанда олардың иіс сезу қабілеті 10 мың есе күшті. Қараңғылықта олар 100 метрге дейін қозғалған затты байқаса, 25 метр қашықтықтағы дауысты ажыратады екен.

Қазір бұл орталықта төрт аяқты 27 «тәртіп сақшысы» бар. Негізінен иттер Алматы қаласындағы ҚР ІІМ-не қарасты кинологиялық орталықта оқу жоспарына сәйкес оқытылып келеді. Кинолог маман Шыңғысхан Қараматов бұл салада алты жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Осы аралықта иттердің түрлі тұқымын қолға үйреткен. Бүгінде «Рэм» орыс спаниелі мен «Марта» лабрадор қызметтік иті Шыңғысханның қарауында.

— Ең бастысы, ит пен кинолог бір бүтін болуы керек. Иттерді үйретуді негізінен күшік кезінен бастаған жөн. Сондай-ақ кинологтың жұмыс тәсілі мен иттің қызметке қабілеттілігі аса маңызды. Негізінде итті «тәрбиелеу» бір жылға жуық уақыт алады. Қызметке көп жағдайда ұрғашы иттер таңдап алынады. Өйткені олардың мінезі тұрақты, берілген бұйрыққа тез бағынады, — дейді маман.

Бұл салаға көбіне лабрадор, спаниель, неміс және Бельгия овчаркасы сияқты ит тектері алынады. Иттердің мінез-құлқын адамдардікі сияқты холиерик, сангвиник, меланхолик, флегматик деп төрт типке бөліп қарастырады. Осылардың ішінде флегматик, сангвиник, холиерик тектес иттер сынақ нәтижесіне қарай таңдап алынады екен.

Әр кинологтың өзінің иті болады. Сала мамандарының айтуынша, қызметтік иттер бір адамға үйренсе, соның ғана бұйрығын орындайды. Олардың екінші адамға үйренуі — екі-үш айдың еншісінде.

— Біз иттерді екі айлығынан бастап үйіретеміз. Сол жаста олар өздерінің аттарын біледі. Иттердің иісті ажыратып, оны шатыстырмауы үшін түрлі жаттығулар жасаймыз. Жалпы, иттің иісті ажырату қабілеті өте күшті. Тәжірибеден өтіп шыңдалғаны ешқашан шатыстырмайды. Одорология әдісін қолданғанда иттердің иісті ажырату дәлдігіне көз жеткізіп жүрміз. Мысалы, қылмыс болған жерде күдікті адамның қолғап, бас киім, ұялы телефон секілді заттары қалып қойды делік. Ал күдікті адам оларды ешқашан менікі деп мойындамайтыны анық. Осы кезде ішкі істер қызметкерлері иісшіл иттердің көмегіне жүгінеді. Криминолог мамандар арнайы сұрткіш арқылы бірнеше күдікті адамнан иіс алады. Содан соң оны нөмірленген банклерге орналастырады. Иісшіл иттерге қылмыс болған жердегі затты иіскетіп, сол иісті әлгі банклерден іздеттіреді. Сонымен қоса көлікті тонау кезінде де көлікте соңғы отырған адамның иісі сақталып қалатыны белгілі. Сол кезде де арнайы құралдар арқылы иіс алынып, із кесуші иттердің көмегіне жүгінеміз, — дейді Ш.Қараматов.

Заман талабына сай заманауи технологияның дамуына қарамастан, күн сайын қылмыстарды ашуға қызметтік иттердің рөлі артпаса кеміген емес. Кинологтар итті күшік кезінен тұқымына, мінезіне байланысты әр бағытқа баулып, машықтандырады. Себебі, әрбір иттің өз мінезі бар, әрқайсысына жеке көзқарас қажет. Мәселен, халық көп шоғырла-

натын жерлерде патрульдеуге жуас иттер жіберіледі, ал қабаған иттер аса қауіпті қарулы қылмыскерлерді ұстау кезінде қажет. Лабрадор, шағын спаниельдер есірткіні іздеу кезінде өте ыңғайлы, әсіресе, тауар тиелген үлкен жүк көліктерін, жолаушылар автобустарын тексеру кезінде пайдаланылады. Ал жарылғыш заттарды табатын иттердің мінезі салмақты болғаны жөн. Себебі, жарылғыш затты іздеген кезде барынша сақ болу керек. Ал есірткіде керісінше тыным таппай іздеу жүргізу талап етіледі. Олар осы секілді арнайы мінездеме бойынша ажыратылады.

Иттердің қызметтік бағыттары із кесуші, шабуылдаушы, есірткі іздеуші, жарылғыш заттар іздеуші, одорологиялық зертхана иттері болып бөлінеді. Мамандардың айтуынша, бұл иттердің ішіп-жеміне сауаттылықпен қараған жөн. Иттердің жейтін асы олардың қызметіне кесірін тигізбей керек.

Жұмыс кезінде ит әрдайым иесінің сол жағында тұруы керек. Мысалы, сол қолды иық деңгейінде көтеріп, сосын қайта түсіру «жаныма кел» деген пәрмен. Жұмсағанға жақсы үйренген итті жанына шақыру үшін сол қолмен сол саныңдызды бірнеше рет соқсаңыз болды. Кинолог отырған иттің төбесінен алақанды төмен қарата көрсетсе, бұл «орында» деген пәрмен. Бұл бұйрықты алған ит кинолог кетіп қалса да, тапқырлықпен отыра береді. Міне, қызметші иттер осындай әрекеттері мен мүмкіндіктерінің арқасында кинолог мамандардың жұмысын жеңілдетеді.

«СБ» ақпарат.

■ ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Алматыдағы «ARNA-B» баспасынан ақын, сценарист, режиссер, Қазақстанның мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмахановтың екі кітабы жарыққа шықты.

Ақынның жинақтары жарық көрді



«Қарлығаш құсым» деп аталатын еңбегіне ақынның сөздеріне жазылған әндер топтастырылған. Оның ішінде халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, автордың бойтұмарына айналған «Қорқыт-қобыздан» бастап «Көздеріңнің көркемі-ай», «Махаббат ғазалы», «Алаштың Ақмешіті», «Жер жүрегі» секілді түрлі тақырыптағы әндер бар.

«Сөздердің де мінезі болады ғой! Оңталап жазған сөздердің мінезінен жазық даланың лебі еседі. Самал жел санаңды өз жылулығымен кезіп өткенде көне сөздерді түсінгендей боласын, бірақ ешнәрсе

түсінбегеніңді байқайсың», — дейді композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Тайманов. Бұдан біз ақын сөздерінің қорғасындай салмағын көреміз.

О.Нұрмахановтың «Парадарайя сақтары» деген жыр жинағы тіршіліктің боямасыз болмысын, адами қасиет құндылықтарын ұлықтайтын үткір ой мен шырайлы шумақтарға негізделген.

Еске салсақ, ақынның тұңғыш жыр жинағы «Қорқыт-қобыз» атауымен 2014 жылы оқырман қолына тиген еді.

«СБ» ақпарат.

Қазақ жайлы жыр

Мұнайтпас атамыз өмір бойы мал бағып, егін еккен, шаруашылықтың озат еңбеккері атанып, ауыл-аймағына сыйы артқан адам. Туған жері, қазіргі Сырдария ауданының А.Тоқмағанбетов атындағы ауылдың өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан кісі.

Атамыз жас кезінен-ақ өлең-жырға бейім болып, кейін бойындағы осы қабілетін ауылдастарының жақсысын асыруға арнап, еңбекшілерді қолдап

отырған. Шаруашылықтың жияндары, мерекелік шаралар атамның екі ауыз сөзінің басталмаған. Ол кісі кезінде аудандық, облыстық газеттерге де мақалалар жазып, қоғамдағы ілгерілеушілікке қолдау танытып отырған. Іздеген адамға газеттердің сарғыш тартқан тігінділерінен Мұнайтпас Жұнісов деген есімді де кездестіруге болады.

Мен бүгін атамның бір-екі дастарының жақсысын асыруға арнап, еңбекшілерді қолдап

Қазақпын

Мен — қазақпын,
Бірге жасап келемін, ата салты дәстүрмен,
Батырларша белді бұғам жас күннен.
Ақылымда өсеті бабаның,
Тақымымда тұлаған тай бас білген.
Мен — қазақпын,
Майсы болып, Мөңке боп,
Келешекті болжап білген көреген.
Біржан салдай кең далаға еркелеп,
Сахараны ән мен жырға белеген.
Мен — қазақпын,
Қаһарманмын, хаспын мен,
Бауыржандай ар-намысын тас түйген.
Арамдыққа, аярлыққа қаспын мен,
Адалдыққа қол қусырып, басты игем.
Мен — қазақпын,
Сөз ашысын қуырған,
Ақиқаттан сөз семсеріп суырған.
Қазақ деген атқа лайық боламын,
Жөргегінде қасиетпен жуынған.

Дайындаған Зәуре ӨКСІМБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың студенті.

Сатып аламыз

"Қызылорда Игілігі" корпоративтік қоры көлемі - 65 ш.м., салынған мерзімі - 2019 ж., жер телімі 6 сотықтан кем емес, бағасы - 4 500 000 теңгеден 100 жана тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68. Тел.: 8/724-2/ 40-12-14, 8-777-384-10-10.

(7-6)

ЖӘРМЕНКЕ ӨТЕДІ

Ағымдағы жылдың 25 мамыр күні Шиеді ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі шағын аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрмеңке өткізу уақыты 09:00-ден 13:00-ге дейін.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Шүкүров көшесі (Абай даңғылы мен А.Иманов көшесінің аралығы).



■ ШАХМАТ

Тақтадағы тартыс

«Нұрсәт» теннис орталығында шахматтан «Аралбай Махамбетов мемориалы» басталды. Республикалық балалар кубогында еліміздің барлық өңірлерінен және Қырғызстаннан 17 команда, 400-ге жуық шахматшы блің және классика түрлерінен сынға түспек.

Сайыстың ашылуына облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, шахматтан ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы Дәстан Қапаев, ҚР шахмат федерациясының вице-президенті, облыстық шахмат федерациясының президенті

Марат Есенов және А.Махамбетов отбасынан Сұлтанбек Махамбетов қатысты.

Алғашқы күні блің түрінен ересектер арасында ақ-төбелік Арыстанбек Оразөв жеңімпаз атанса, Ақмола облысынан Бақтияр Нұр-



манов күміс медальді иеленді. Ал Илья Моисеенко қола медальға қол жеткізді. Сондай-ақ, «Ең үздік нәтиже көрсеткені үшін» номинациясы

бойынша қызылордалық Сұлтан Аманжол, Назерке Нұрғали, Әсел Серікбай марапатталды. Жарыс 24 мамырға дейін жалғаспақ.

■ ФУТБОЛ

Премьер-лигада «Қайсарлықтар» Көкшетаудағы «Оқжетпеспен» өткен ойынынан олжалы оралды. Бұл жолы Сыр футболшылары 1:2 есебімен алға шықты.

«Қайсардың» кезекті жеңісі

«Қайсар» алдыңғы ойындағы қарқынынан танған жоқ. Матчтың 10-минутында ақ Тигран Барсеян әлеттегідей көзге түсіп, ойынның есебін ашты. Алаң иелері де дереу шабуылға көшіп, 37-минутта «Қайсардың» қақпасына доп сүңгітті. Өйткенмен, ойында «Оқжетпес» салған голдың басы да, соны да сол болғандай. Данило Алвес тепкен доптан өзге алаң иелері «Қай-

сар» қақпасының маңына жуи қоймады. Кездесудің екінші бөлігінде ойынға жаңадан қосылған Джон Джошуа «Қайсардың» есебін еселеді. Есеп 1:2. Естеріңізге сала кетейік, «Қайсар» 22 мамырда Қазақстан кубогы үшін «Тобылмен» кездеседі. Ал премьер-лигадағы ойын 26 мамырда «Жетісу» командасымен сырт алаңда өтпек.

«СБ» ақпарат.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 29258 Тапсырыс №767

Кезекші редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.